

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы

жиналысының

2023 жылғы 24 мамырдағы

шешіміне қосымша

(№1/2023 хаттама)



«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы

жиналысының

2023 жылғы 24 мамырдағы

шешімімен енгізілді

(№1/2023 хаттама)

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар

1. 1-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоғамның және оның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.».

2. 5-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мыналарды:

талап қою күніне қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған;

соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылған (акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде ұсынылған жағдайда);

орындалуы акционер өтініш жасаған күні жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Қоғам қызметінің (акционер өтініш жасаған күнге дейінгі үш жылдан астам) өткен кезеңдеріне қатысты ақпаратты қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы айқындаған немесе Жарғыда айқындалған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;».

3. 9-бапта:

1) 3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі, аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері айқындалады, сондай-ақ акционерлердің Қоғамның және

оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралады.»;

2) 14-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қоғам акционерлері қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының отырысына Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып қашықтан қатысуға құқылы.».

4. 10-баптың 1-тармағында:

1) мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай, Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;»;

2) мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, осындай бөлшектеу шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

4-2) өтеу мерзімінсіз мемлекеттік емес облигациялар шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;»;

3) 10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Директорлар кеңесі сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысының мөлшерін және шарттарын айқындау, сондай-ақ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;»;

4) 12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін, аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту;».

5. 11-баптың 3-тармағында:

1) мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын айқындау;»;

2) мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) комплаенс-бақылау қызметінің сан құрамын айқындау, оның басшысын және басқа да жұмыскерлерін тағайындау, комплаенс-бақылау қызметінің басшысымен және басқа да жұмыскерлерімен еңбек шарттарын тоқтату, сондай-ақ комплаенс-бақылау қызметінің жұмыс тәртібін, комплаенс-бақылау қызметі жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау көрсету шарттарын айқындау, комплаенс-бақылау қызметі басшысының және басқа да жұмыскерлерінің қызметін бағалау, оларды материалдық жауапкершілікке тарту туралы шешімдер қабылдау, оларға тәртіптік жаза қолдану;»;

3) мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

«11-1) комплаенс-бақылау қызметінің тиісті жылға арналған жұмыс жоспарын, сондай-ақ Қоғамның бизнес-жоспарының құрамында осы қызметтің бюджетін бекіту;»;

4) мынадай мазмұндағы 14-1) және 14-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«14-1) Қоғамның Ішкі аудит қызметі, комплаенс-бақылау қызметі, корпоративтік хатшы қызметі жұмыскерлерінің және омбудсменінің лауазымдық айлықақы сызбаларын бекіту;

14-2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің, комплаенс-бақылау қызметінің, корпоративтік хатшы қызметі мен омбудсменінің штат кестелерін бекіту;»;

5) 25-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«25-1) Қоғамның орталық аппараты жұмыскерлерінің (Қоғамның Ішкі аудит қызметінің, комплаенс-бақылау қызметінің, корпоративтік хатшы қызметінің жұмыскерлерін және омбудсменін қоспағанда) лауазымдық айлықақы сызбасын, еңбекке ақу төлеу қағидаларын бекіту;».

6. 12-баптың 2-тармағында:

1) 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның орталық аппараты жұмыскерлерінің штат санын және құрылымын ескере отырып, (Қоғамның Ішкі аудит қызметінің, комплаенс-бақылау қызметінің, корпоративтік хатшы қызметі мен омбудсменінің штат кестесін қоспағанда) Қоғамның орталық аппаратының штат кестесін бекітеді, сондай-ақ олар туралы ережелерге сәйкес Қоғам филиалдарының, өкілдіктері мен өзге жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің штат саны мен құрылымын, филиалдар мен өкілдіктердің штат кестесін бекітеді;»;

2) 9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Жарғының 9-бабының 36-тармағында, 10-бабының 1-тармағының 10), 14), 20), 21) тармақшаларында, 11-бабының 3-тармағының 2), 8) - 14 - 2), 23), 28) - 30), 32), 36) - 39), 39-2) тармақшаларында, 12-бабының 3-тармағының үшінші және алтыншы абзацтарында, 13-бабының 3-тармағында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, шешімдер қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала қарайды;».

7. 15-баптың 3-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.».

8. 16-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Заңмен көзделген құжаттар көшірмелерін (ақпаратты) алу мақсатында акционер жазбаша нысанда Қоғамға өтініш айтуға тиіс. Акционердің өтініші кіріс құжаттар есебін жүргізу журналына белгіленген тәртіпте тіркелуі тиіс. Қоғам Заңмен көзделген құжаттар көшірмесін (сұралып отырған ақпаратты) Жарғының 2-бабының 2-тармағында көзделген жағдайды

қоспағанда, Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

Қоғам мынадай жағдайлардың кемінде біреуі болған:

1) акционер талап қойған күнге сұратылған құжаттың электрондық нұсқасы бағалы қағаздар нарығы туралы және акционерлік қоғамдар туралы Заңнамада көзделген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған;

2) акционердің құжат беру туралы бірінші талабын Қоғам толық көлемде орындаған жағдайда, ол соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылған;

3) орындалуы акционердің талаппен жүгінген күні жүзеге асырылатын мәмілелер жөніндегі құжаттарды қоспағанда, құжат Қоғам қызметінің (талаппен жүгінген күнге дейін үш жылдан астам) өткен кезеңдеріне жататын;

4) орындалуы тұлғаның Қоғам акцияларын иелену кезеңінде жүзеге асырылатын мәмілелер жөніндегі құжаттарды қоспағанда, құжат Қоғам қызметінің (тұлға Қоғам акцияларына ие болған күнге дейін он екі айдан астам) өткен кезеңдеріне (бұл норма Қоғамға жүгінген күнге дейінгі он екі айдан кейін Қоғам акционерлері болған тұлғаларға қолданылады) жататын кезде, осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген акционердің талабы Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей құжаттардың көшірмесін беруден бас тартуға құқылы.

Құжаттар көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттар көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстар құнынан және құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы керек.

Қоғамның бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысқа шығарудың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қамтитын құжаттар акционерге оның талабы бойынша танысу үшін ұсынылуға тиіс.».

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Т. Құрманбаев

**АРҒЫ ЖАҒЫНА ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ**

Екі мың жиырма үшінші жылғы отызыншы мамыр, Мен, Абдыкаримова Зауреш Мажкеновна Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен 2003 жылғы 06 ақпанда берілген №0001295 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет етуші Астана қаласының нотариусы, «ҚазТрансойл» Акционерлік қоғамының Бас директоры(Басқарма төрағасы) азамат Курманбаев Талгат Насимуллаевичтің менің қатысуымен қойған қолының растығын куәландырамын. Тұлғаның жеке басы анықталды, әрекетке қабілеттігі және өкілеттілігі, сондай-ақ «ҚазТрансойл» Акционерлік қоғамының құқыққа ие болушылығы тексерілді.

Мына мекенжайға жөнелтілді: Астана қаласы, Тұран даңғылы, 20 үй сағат 10.00.



Тізілімде № *2668* тіркелді

Өндіріп алынды: мемлекеттік баж + техникалық қызмет

Нотариус



ES0801132910002360172G8650049

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Прошнуровано, пронумеровано

5/1000 Страниц.

НОТАРИУС

